

Торғайский областной комитетінің хаттамасы

Торғай облысының азаматтары!

Ұлы уақиға болды, үлкен жұмыс істелді. Русияны құртуға таяған ескі хукіметтің қарасы өшті.

Николай тақтан түсті һәм баласы үшін де тақтан безді. Інісі Михаил жұрт жиылып «Учредительный собрание» жасап қаласа ғана таққа мінбек.

Ескі хукімет орнына Г. Дума комитеті мен солдат һәм жұмысшылар депутаттарының советі жұрт сенетін адамдардан хукімет қойып отыр. Кеңшілік пен билеп, қаны, діні басқа деп алаламай бақпақ.

Қай мемлекеттің де болса да, патшалық дүкенін құруына тәртіп пен тыныштық керек. Әсіресе мынадай тарих жүзінде болған ұлы соғыс болып жатқанда жау әлсіресе де мұқалмай тұрғанда, жұрт болып қауымдасып, бар күшін салып, қалай да болса жауды жеңуге қам қылу керек.

Басқа губернияларға қарасақ, халықтың қай тобы болса да, жаңа хукіметтің дегенімен болып, қолдан келгенін аямай, гражданский комитеттер жасап, жаңа хукіметті сүйеуде. Гражданский комитеттердің айтқанынан шықпай, халық ұйымшылық қылып жатыр.

Басқа губерния һәм облыстар өнегесі мен Торғай облысында да Торғайский обласной гражданский комитет жасалды.

Комитет мақсаты:

1) Жаңа хукіметті демеп, берген кеңшіліктері бекуіне, облысқа қараған жерде тыныштық, бүтіндік болуына көмек көрсету.

2) Соғыстағы әскерлерді іштегі ыстығы жоқ жерлерді аз асыра табысқа керек мәселелердің жеңіл шешілуіне жаңа хукіметтің жәрдемінде болу.

3) Учредительный собраниеге қандай адамдардан жіберу тиіс екендігін, халықты сайлау жағына дайындау.

Областной комитет халықтан өтінеді: ел ара күңкілін, партия жүзіндегі араздығын тастап, барша отанын сүйетін ұлдары болып, бірігіп, ұйымдасу керек.

Комитеттің халыққа істе дейтіні:

1) Һәр общество, һәр мекеме, һәр қауым, һәр таптан Орынбордағы областной комитетке ағза дәрежесінде қанша болса уполномоченныйлар сайлап жіберу.

2) Жаңа хукіметтің бекуіне, елдің тыныш бүтін болуына, азық мәселесі жүзіндегі хукімет істеріне қолдан келгенше көмек қылатын һәм учредительный собрание жайын елге түсіндіріп, сайлауға даярлайтын әр жерде уездің өлкелік комитеттер жасау.

3) Жоғарыда айтылған мақсұттар жүзіндегі істерді жарыққа шығару жолында комитеттің халық дегенін істеу. Кешікпей дереу іске кірісіндер.

Кешігу - өлу сияқты мезгіл.

Комитет председателі М.В. Безобразов.

Ағзалары: С.В. Азилитский, А.Б. Байтұрсынов, Т.У. Бекметев, В. Ябинкович, С.Г. Васильев, В.М. Воронков, С.А. Журин, В.В. Иванов, С.К. Қадырбаев, И.И. Канский, В.В. Корнилович, И.М. Пахмонов, М.П. Рунгинский, М.Х. Тұнғачин, М.К. Янковский.